

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрінің
2025 жылғы «14» 08
№ 79/44 бұйрығымен бекітілген

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен
толықтырулар**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Қоғам «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету бойынша қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы провайдер болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның мемлекеттік қызметтерді және мемлекеттік қызметтердің тізіліміне сәйкес оларға қосымша сервистерді көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда және мобильдік қосымша арқылы көрсетуді қамтамасыз ету, әкімшілік органдарға, лауазымды адамдарға жолданымдарды қабылдау және өтініш берушілердің сұрау салуы бойынша оларға жауаптардың берілуін ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқада қызмет түрлерін көрсету Қоғамның негізгі нысанасы болып табылады.».

19-тармақта:

32), 41)-47), 50), 52), 55)-60), 63)-68), 75), 78), 87) және 90) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«32) жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру;

41) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылардың деректерін толықтыру мен жаңартуды;

42) инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен бірыңғай

жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманың мөлшерін айқындауды;

43) міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың дербестендірілген есебін жүзеге асыруды;

44) агенттерден түсетін міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды;

45) деректемелерінде қате жіберілген тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарын агентке қайтаруды;

46) агентке және (немесе) Қоғамға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан оның өтініші бойынша міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды қайтаруды;

47) Қоғамның шотына аударылған және Қоғамнан агентке қайтарылған міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және (немесе) олар жөніндегі өсімпұлдың сомалары бойынша агенттердің төлем құжаттарының тізілімдерін қалыптастыруды және салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсынуды;

50) әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру салаларындағы ақпараттық жүйелердің деректерін толықтыру мен жаңартуды;

52) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, біржолғы және өзге де төлемдерді алушылардың автоматтандырылған орталықтандырылған дерекқорларын толтыруды және жаңартып отыруды және оларды дербестендірілген есепке алу;

55) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды, олардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алуды;

56) Қордың қаражатынан төленетін әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыруды;

57) уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен төлеушілерге – әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға тағайындалған әлеуметтік төлемнің сомасы туралы не оны тағайындаудан бас тарту туралы ақпарат беруді;

58) төлеушілерден түскен әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды аударуды, олардан ұсталған әлеуметтік төлемдер мен міндетті зейнетақы жарналарының артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын олар Қоғамның шотына түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей, Қорға қайтаруды;

59) Қордың қаражаты есебінен төленетін әлеуметтік төлемдерден ұсталған міндетті зейнетақы жарналарын ұйымдастыруды және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды;

60) мемлекеттік кіріс органына төлеушілердің келіп түскен және қайтарылған әлеуметтік аударымдарының тізілімдерін ұсынуды;

63) зейнетақы төлемдерінің, жәрдемақылардың, біржолғы және өзге де төлемдердің ай сайынғы қажеттілігін, оларды төлеуді жүзеге асыру графиктерін қалыптастыруды және уәкілетті мемлекеттік органға бюджет қаражатына қажеттілік туралы өтінім жіберуді;

64) әлеуметтік төлемдердің ай сайынғы қажеттілігін және оны жүзеге асыру графигін қалыптастыруды, Қорға қаражат қажеттілігі туралы өтінім жіберуді;

65) зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы ақпараттық жүйелерден алынған ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органға және оның ведомстволарына беруді;

66) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен және жағдайларда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін төленген әлеуметтік аударымдардың сомасын төлеушіге қайтаруды;

67) уәкілетті мемлекеттік органмен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, біржолғы, әлеуметтік және өзге де төлемдерді тағайындауға, тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарауға, тоқтата тұруға, тоқтатуға, қайта бастауға және қайта есептеуге, арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін аударуға, тоқтата тұруға, қайта бастауға және тоқтатуға, зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін, жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлемді аударуға немесе қайтаруға арналған құжаттарды қабылдау, істер макеттерін қалыптастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасуды;

68) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, әлеуметтік және өзге де төлемдерді алушыларға уақтылы және толық аударуды қамтамасыз етуге;

75) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушыларға қосымша белгіленген, бюджет қаражаты есебінен субсидияланатын міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды;

78) жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды беру»;

87) жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру;

90) Жобаланатын жер учаскесін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен келісу;»;

келесі мазмұндағы 94)-105) тармақшалармен толықтырылсын:

«94) атаулы әлеуметтік көмектің, өзге де төлемдердің ай сайынғы қажеттілігін, оларды жүзеге асыру графиктерін қалыптастыруды және уәкілетті мемлекеттік органға бюджет қаражатына қажеттілік туралы өтінім жіберуді;

95) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек пен өзге де төлемдерді төлеуді жүзеге асыруды;

96) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаражатынан төленетін зейнетақы төлемдерін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды;

97) уәкілетті мемлекеттік органға статистикалық және өзге есептік ақпаратты беруді жүзеге асырады;

98) бірыңғай төлем төлеушіге республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 10 еселенген мөлшерінен есептелген, қорға төленетін жарналар мен аударымдардың мөлшерлерінен асып кететін соманы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, сондай-ақ салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, денсаулық сақтау саласындағы және цифрлық даму саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен қайтаруды жүзеге асырады;

99) зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, қайтару, тоқтату мәселелері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен өзара іс-қимыл жасауды;

100) Көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша жеке тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметке қосымша Сервис көрсету;

101) Жобаланатын жер учаскесін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен келісу;

102) Жер-кадастрлық істен құжаттардың көшірмелерін ұсыну;

103) Жер учаскелері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету);

104) Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде жеке тұлғалардың биометриялық деректерін олардың биометриялық аутентификациясы үшін жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асырады;

105) Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде жеке тұлғалардың биометриялық аутентификациясы үшін биометриялық деректер базасын жүргізуді жүзеге асырады;»;

16), 20), 25), 49), 51), 61), 62), 69) және 89) тармақшалар алып тасталсын.».

41-тармақта:

6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Қоғамның Басқарма төрағасын сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Қоғамның тәуелсіз директорларын конкурстық іріктеу қағидаларын бекіту;»;

8) тармақша алып тасталсын.».

48-тармақта:

келесі мазмұндағы 5-1), 5-2), 24-1) және 24-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) Төрағаның орынбасарларын және басқа Басқарма мүшелерін тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

5-2) Қоғамның бос басшы лауазымдарына орналасуға кандидаттарды конкурстық іріктеу қағидаларын бекіту;

24-1) Қоғамның Омбудсменінің өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның Омбудсменінің жұмыс тәртібін, еңбекақы мен сыйлықақының мөлшері мен талаптарын айқындау;

24-2) Қоғамның комплаенс бақылау қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, комплаенс бақылау қызметінің жұмыс тәртібін, комплаенс бақылау қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;».

72 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«72. Ағымдағы қызметке атқарушы орган – Басқарма басшылық етеді, оның құрамына Басқарма төрағасы, оның орынбасарлары және Қоғамның Жалғыз акционері белгілеген өзге тұлғалар кіреді.

Басқарма төрағасын және оның орынбасарларын сайлау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Атқарушы орган Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің шет мемлекеттерге іссапарлары Жалғыз акционермен келісу бойынша ресімделеді.».

74 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«74. Қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшелері болып табылады. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма төрағасымен еңбек шартын Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің төрағасы жасайды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартын Басқарма төрағасы жасайды.».

«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы



А. Кенжеғалиев